**1999 жылғы 29-30 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның "Байқоңыр" кешені бойынша Ішкі комиссиясы мәжілісінің Хаттамасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 тамыз N 1121

1999 жылғы 29-30 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның "Байқоңыр" кешені бойынша Ішкі комиссиясы мәжілісінің Хаттамасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 1999 жылғы 29-30 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның "Байқоңыр" кешені жөніндегі Қосымша комиссия мәжілісінің Хаттамасын жүзеге асыру бойынша шаралардың жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 9 тамыздағы
N 1121 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның "Байқоңыр" кешені бойынша Ішкі комиссиясы отырысының 1999 жылғы 29-30 шілдедегі хаттамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар
Жоспары

| Р/с N | Іс-шара | Атқару мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 1 | Ресейлік тарабымен "Протон" зымыран-тасығышты ұшырудың қоршаған ортаға зиянды ықпалын зерттеу мен азайту жөніндегі бірлескен қазақ. стандық-ресейлік бағдарлама шеңберінде "Протон" зымыран-тасығыштың апатты құлау аймағында тұрып жатқан адам-дардың дағдысын бұзудың жәй-күйі мен деңгейінің мони-торингін өткізудің мерзімдерін және көлемін келісу | 1999 жылғы 14 тамызға дейін | Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| 2 | Қазақстан Республикасының Үкіметіне апатты құлаудың зардаптарын жою жөнінде ресей тарабымен бірлесіп шаралар қабылдау үшін "Протон" зымыран-тасығышының 1999 жылғы 5 шілдеде апатты құлауына қатысты ресей тарабы берген материалдар бойынша қорытындыны ұсыну | 1999 жылғы 10 тамызға дейін | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 3 | "Байқоңыр" кешенінің барлық объектілерін түгендеуді аяқтау | 1999 жылғы 1 қазанға дейін | Қаржы министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қорғаныс министрлігі |
| 4 | Қазақстанның мүдделі министр. ліктерімен және ведомстволарымен "Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның | 1999 жылғы 1 қыркүйекке дейін | Ғылым және жоғары білім министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | "Байқоңыр" кешені жөніндегі Ішкі комиссиясы туралы ережені" келісу және жұмыс тәртібінде бекіту | | |
| 5 | Байқоңыр қаласы әкімшілігі басшысының баяндамасында көтерілген проблемалық мәселелер жөнінде Үкіметке ұсыныстар енгізу | 1999 жылғы 1 қазанға дейін | Ғылым және жоғары білім министрлігі (жинақ), Қаржы министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Әділет министрлігі, Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 6 | "Байқоңыр" кешенінің мүліктерін есепке алу мен бағалау мәселеле. ріндегі шарттық-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде, оларды кейін. нен "Байқоңыр" кешені жөніндегі Ішкі комиссияға бере отырып ұсы. ныстар әзірлеу жөнінде жұмыс тобын құру | 1999 жылғы 14 тамызға дейін | Қаржы министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Әділет министрлігі |
| 7 | Қазақстанның мүдделі органдармен "Байқоңыр" ғарыш айлағының жер бетіндегі ғарыштық инфрақұрылымы. ның ғарыштық бағдарламаларды орындау кезінде бұдан былай пайдаланылмайтын объектілерін жалға алудан шығарудың тәртібі мен шарттары туралы ереженің" | 1999 жылғы 1 қыркүйекке дейін | Ғылым және жоғары білім министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жобасын келісу | | |
| 8 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясы жалға алған "Байқоңыр" кешенінің аумағындағы экология және табиғатты пайдалану жөніндегі 1997 жылғы 4 қазандағы келісімді жүзеге асыру жоспарын ресей тарабының уәкілетті органдарымен келісу нәтижелері туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну | 1999 жылғы 14 тамызға дейін | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 9 | Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі бірлескен жұмыс бағдарламасының ресей тарабымен келісілген жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну | 1999 жылғы 1 қазанға дейін | Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| 10 | "Байқоңыр" кешені жөніндегі қолданылып жүрген келісімдерге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы ұсыныстарды қарау жөніндегі жұмыс тобының қазақстандық бөлігінің құрамы туралы ресей тарабын хабардар ету. Жұмыс тобының қазақстандық бөлігінің жұмыс бабындағы кеңесін өткізу және оның нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндау | 1999 жылғы 10 тамызға дейін | Сыртқы істер министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| 11 | "Днепр" жобасы бойынша бірлескен жұмыстардың шарттары мен жүзеге асыру тәртібі "Днепр" жобасына | 1999 жылғы 1 қазанға дейін | Ғылым және жоғары білім министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қатысушы-ұйымдармен келісу және нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндау | | |
| 12 | Мына мәселелер бойынша ресей тарабымен бірлескен жұмыс топтарын құру:<br>1. "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру және қондыру және әуе кемелерінің ұшуы кезінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану;<br>2. Радиожиілік спектрін пайдалану, таяу жатқан елді мекендерді қоса алғанда, "Байқоңыр" кешенінің аумағы мен оған жапсарлас аумаққа радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды әкелу және пайдалану | 1999 жылғы 10 тамызға дейін | Көлік, коммуникациялар және туризм министрлі.гі,Қорғанысминистрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| 13 | Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Байқоңыр" кешені жөніндегі Ішкі комиссиясының 1999 жылғы 29-30 шілдедегі отырысы Хаттамасының іске асырылу барысы және кезекті отырысқа әзірлігі туралы ақпарат ұсыну | 1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін | Сыртқы істер министрлігі (жинақ), Ғылым және жоғары білім министрлігі,министрліктер,агенттіктер, ведомстволар |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК